

"Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 25/ке бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 31 шілдедегі № 107/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 шілдеде № 34848 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 25/ке бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16783 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2 тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Шет мемлекеттің аумағындғы шетелдік спутниктік байланыс операторларының жерүсті телекоммуникация желілері арқылы ұйымдастырылған спутниктік байланыс желілерінің халықаралық түйісу нүктелерін тіркеу осы Қағидалардың 10 және 11 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-2. Спутниктік байланыстың абоненттік құрылғысын Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан және Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникация желісіне қосылған спутниктік байланыс операторының жерүсті станциясымен қосуды спутниктік байланыс операторлары қамтамасыз етеді.

Спутниктік байланыстың абоненттік құрылғысын шетелдік спутниктік байланыс операторының шет мемлекеттің аумағындағы жерүсті станцияларымен қосқан кезде спутниктік байланыстың абоненттік құрылғысының шығыс трафигі тіркелген халықаралық түйісу нүктесі арқылы өтетін қорғалған байланыс арналары бойынша спутниктік байланыс операторының Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жерүсті станциясына қайта жіберіледі.

Спутниктік байланысты ұйымдастырудың аталған шарттары геостационарлық емес спутниктер қолданылатын байланыс желілерін пайдалану жөніндегі пилоттық жобаларға қолданылмайды."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 5-қызметі (Б.Д. Дәрменов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы*

Е. Сағимбаев

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

**Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі**